

## Жаңаша автосақтандыру: «Виктория» СК» АҚ түсіндіреді.

2025 жылдың «7» сәуірінен бастап Қазақстанда міндетті автосақтандыру бойынша жаңа тарифтер күшіне енді. Осы өзгерістердің салдарынан бірқатар сұрақтар легі туындады: полис неге қымбаттап кетті, бонус-малус жүйесі қайдан пайда болды және т.б. Сондай сұрақтардың ең маңыздыларына жауап береміз.

**№ 1 сұрақ:** *Көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисінің құны едәуір өсуі неге байланысты? Неге бірқатар өңірлерде сақтандыру сыйлықақысы екі есеге, ал Астана қаласында – үш есеге өскен.*


### Жауап:

Міндетті автосақтандыру бойынша базалық сақтандыру сыйлықақысы «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңымен белгіленген және 2007 жылдан бастап өзгеріссіз қалуда – 1,9 АЕК, ол – 2025 жылы 7 471 теңгені құрайды.

«Көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) сақтандыру полисінің құны бірқатар көрсеткіштерге әсер ететіні көрсетілген: АЕК мөлшері\*, көлік құралын тіркеген аумақ, оның түрі, пайдалану мерзімі, жүргізушінің жасы мен көлік жүргізу өтілі, сондай-ақ сақтандырылған тұлғаның кінәсі бойынша сақтандыру жағдайларының болуы немесе болмауы. Осы көрсеткіштер «бонус-малус» жүйесінің көмегімен есептеме жасау кезінде ескеріледі және әр көрсеткішке белгілі бір коэффициент сәйкес келеді.

«Бонус-малус» жүйесі (латын тілінен аударғанда - «жақсы-жаман») Жүргізушінің сақтандыру тарихнамасына қарай жеңілдіктер мен үстемеақыларды қамтиды. Сақтандырылушының кінәсінен сақтандыру жағдайлары қаншалықты аз болса, полистің құны соншалықты төмен болады. Керісінше, апатқа көп ұшыраған кезде жоғары коэффициенттер қолданылады.

«Бонус-малус» жүйесі аумақтық коэффициенттермен, көлік құралының түрі мен шығарылған жылымен, жүргізушінің жасы мен көлік жүргізу өтілімен қатар, сақтандырудың қорытынды құнын есептеу үшін де қолданылады. Барлық коэффициенттер базалық сақтандыру сыйлықақысына көбейтіледі, соның нәтижесінде төлем сомасы айқындалады. Бұл да Заңда көзделген (19-бап).



Мысалы, аумақтық коэффициенттер әр өңірде әр түрлі: Жамбыл облысында – 1,0, Алматыда – 2,96. Бұл дегеніміз, басқа теңдей шарттарда сақтандыру полисі Алматыда Жамбыл облысымен салыстырғанда үш есе қымбат болады. Аумақ автомобиль тіркелген жер бойынша есептеледі. Егер Шымкентте тұрып, ал автокөлігіңіз Алматы облысында тіркелген болса, Алматы облысының коэффициенті қолданылады.

Сонымен қатар, полистің құнына жүргізушінің жасы, көлік жүргізу өтілі және апаттылық сыныбы әсер етеді. Егер ЖЖЕ бұзбаса және ЖКО-да кінәлі болмаса, полис бағасы төмендейді. Сақтандыру тарихнамасында апаттылық жағдайы жоқ жүргізушілер үшін сақтандыру құны жыл сайын төмендейді. Мұндағы маңызды жайт – тарифтер өзгеріссіз қала береді, тек базалық сақтандыру сыйлықақысы есептелетін АЕК мөлшері өзгеріп отырады.

**КҚИ АҚЖМС полисін рәсімдеу** автокөлік иесінің ЖСН арқылы жүзеге асырылады. Менеджер ЖСН-ны арнайы ақпараттық жүйеге сақтандыру калькуляторына енгізеді. Ол жүйеде автокөлік иелері туралы барлық ақпарат – сақтандыру полистерін сатып тарихнамасы, апаттылық туралы және тағы басқа деректер сақталады. Бұл жүйені Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі реттейді және онда клиенттің сақтандыру тарихнамасы туралы ақпарат қамтылған. Ол деректер қорғалған және үшінші тұлғаларға қол жетімсіз.

Мұндай «бонус-малус» жүйесі дамыған елдерде де (АҚШ, Германия, Франция, Австрия, Бельгия және т.б.) пайдаланылады және тәуекелдерді сараланған түрде бағалау үшін негіз болып табылады: апаттылық тарихы жоқ жүргізушілерге жеңілдіктер беріледі, ал ЖКО-ға жиі ұшырағандар – көбірек төлейді.

Осылайша, «бонус-малус» дегеніміз – жолдарда қауіпсіздікті арттыруға және сақтандыру жарналарын әділ бөлуге ықпал ететін құрал: әрбір адам өзінің әлеуметтік мәртебесіне қарай емес, керісінше өзінің жолдағы тәртібіне қарай төлейді.

Көлік жүргізуді енді бастап жатқан, міндетті автосақтандыру келісімшартын алғаш жасап жатқан жүргізушілер 2025 жылдың 7 сәуірінен бастап «бонус-малус» жүйесінде жекелеген «А» сыныбына (бұрынғы – 3-сынып) жатқызылған. Бұл бастапқы сынып, себебі мұндай жүргізушілер бойынша статистика жоқ. Мұндай тәсіл көлік құралдарының барлық санаттарына: жеңіл автокөліктерге, мотоциклдарға, скутерлерге қолданылады. Дәл осындай тәжірибе Германияда, Италияда, Нидерландта, Канадада, Аустралияда және басқа елдерде қолданылады.

Жол апатын жасамай, бір жыл көлік жүргізген жүргізуші «А» сыныбынан 3-сыныпқа ауысады, мұнда ол жүргізуші үшін сақтандыру құны екі есе төмендейді. Жүргізушінің жол апатын жасамай көлік жүргізген өтілі қаншалықты көп болған сайын, жүргізуші үшін бұрынғыдан да жоғары сыныптарға ауысу және сақтандыру құнын бұрынғыдан да төмендету мүмкіндігі туындайды.

2025 жылғы сақтандыру сыйлықақысын есептеу үлгілерін келтірейік: 25 жастан асқан, 2 жылдан көп уақыт көлік жүргізіп жүрген, көліктің пайдалану мерзімі – 7 жылдан асқан болса, көлігі Алматы қаласында тіркелген жеңіл автокөлік иесі үшін:

- А сыныбы (алғаш рет сақтандырылған) - 64 972 теңге

- 3-сынып - 36 096 теңге
- 13-сынып - 18 048 теңге

Жоғарыда аталған шарттармен Алматы қаласында тіркелген мотокөлік (мотоциклдар, мотороллерлер және т.б.) үшін:

- А сыныбы - 31 087 теңге
- 3-сынып - 17 271 теңге
- 13-сынып - 8 635 теңге

Автобус жүргізушілері үшін: 3-сынып -112 000 теңге

Жүк көлігін жүргізушілер үшін: 3-сынып -130 000 теңге.

•

Осылайша, міндетті сақтандыру құнының жаппай қымбаттауы туралы әңгіме қозғалып жатқан жоқ. Сақтандыру құнының артуы жекелеген санаттарға ғана, ең алдымен – тәжірибесі жоқ жүргізушілерге қатысты. Жол апатын жасамай көлік жүргізген жүргізушілер үшін полис құны, керісінше, төмендейді.

Мұндай тәсіл әділ және нақты деректеріне негізделген бағаны белгілеуді қамтамасыз етеді, ал мұндай баға белгілеу – ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкес болады.

**№2 сұрақ:** *Қандай себептермен Қазақстан азаматтарына алғаш рет міндетті автосақтандыру келісімшартын жасап жатқан кезде 1,8 коэффициентімен «А» сыныбы, ал шетелдік жүргізушілерге – 0,5 коэффициентімен 13-сынып белгіленеді? Бұл – әркелкі тәсілді білдірмей ме?*

**Жауап:** «Бонус-малус» жүйесі сақтанушыларды азаматтығына қарай бөлмейді. Бұл жүйе көлік құралының сипаттамалары мен сақтандыру статистикасына негізделген. Есептемелерде «резидент» және «бейрезидент» түсінігі қолданылмайды.

Міндетті сақтандыру келісімшартын жасау кезінде «бонус-малус» жүйесіндегі сыныптар келесідей түрде белгіленеді:

- «А» сыныбы - егер автокөлік иесінде сақтандыру тарихнамасы болмаса, Қазақстанда тіркелген автокөлік құралын міндетті автосақтандыру келісімшартын алғаш рет жасау кезінде белгіленеді. Бұл сыныпта 1,8 арту коэффициенті көзделген, себебі мұндай келісімшарттар бойынша залалдылық 100%-дан артық.
- «13» сынып - Қазақстан аумағына уақытша кіргізілген автокөлік құралын сақтандыру кезінде қолданылады. Бұл сынып жүргізушінің азаматтығына байланысты қолданылмайды және Қазақстан азаматтарына да, шетелдік азаматтарға да бірдей қолданылады. Не үшін уақытша кіргізілген автокөліктер үшін 13-сынып белгіленеді? Себебі, сақтандыру мерзімінің аздығы және мұндай келісімшарттар бойынша залалдылық – орташа алғанда бар-жоғы 15-20%-ды құрайды. Бұл дегеніміз – мұндай көлікті сақтандырудан келетін залалдылық Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралдарымен салыстырғанда едәуір төмен. Тиісінше, уақытша кіргізілген автомобильдер үшін сақтандыру полисі де арзан болады.

## Сонымен:

- Қазақстан Республикасында тіркелген автомобильді сақтандырып жатқан Қазақстан азаматына «А» сыныбы белгіленеді.
- Қазақстан Республикасына уақытша кіргізілген автомобиль үшін шетелдік азаматқа «13» сынып» белгіленеді.
- Егер шетелдік азамат Қазақстанда тіркелген автомобильді сақтандыратын болса және оның сақтандыру тарихнамасы болмаса, оған да, Қазақстан азаматына секілді «А» сыныбы белгіленеді.

Сондықтан, сынып белгілеудегі айырмашылық азаматтыққа қарай емес, көлік құралының түріне және сол бойынша сақтандыру статистикасына қарай айқындалады.

---

**№3 сұрақ.** *Көлік құралын тіркеген өңірден басқа жерде ЖКО орын алған кезде жүргізуші не себептен «бонус-малус» жүйесі бойынша сыныбын жоғалтады? Мұндай шара азаматтардың еліміздің аумағында еркін қозғалу құқығын шектеу болып табылмай ма?*

**Жауап:** *Көлік құралын тіркеген өңірден басқа жерде ЖКО орын алған кезде «бонус-малус» жүйесі бойынша сыныбын төмендету азаматтардың ел ішінде еркін қозғалу құқығын бұзбайды. Барлық жүргізушілер бұрынғыша Қазақстан аумағында еркін қозғала береді.*

Алайда, сақтандыру принципі нақты залалдылық пен тәуекелдерді әділ бөлуге негізделген. Егер көлік құралы апаттылық жағдайлары төмен өңірде тіркелген болса, бірақ іс жүзінде апаттылық жағдайы жоғары өңірде пайдаланылып жатқан болса, онда сақтандыру құнын есептеуде көлік құралын пайдаланудың нақты орны есепке алынуы тиіс.

**Мысал:** Автомобиль сақтандыру сыйлықақысы, мысалға Алматымен салыстырғанда, төмен (айырмашылық – 40%-ға дейін жетуі мүмкін) Шымкент қаласында тіркелген, бірақ көлік иесі оны тұрақты түрде Алматы қаласында пайдаланатын болса және Алматы қаласында ЖКО жасаса, онда Алматыдағы жалпы залалдылық артады. Тиісінше, Алматы қаласының жүргізушілері басқа қалалардан келген жүргізушілер жасаған тәуекелдер үшін төлейтін тоғыспалы жәрдем қаражатын бөлуді болдырмау үшін жүйе ондай жүргізушілердің бонус-малус көрсеткіштерін түзетеді, сыныбын төмендетеді.

Мұндай тәсіл жол қозғалысының басқа қатысушыларына қатысты және жалпы алғанда сақтандыру жүйесіне қатысты әділ тәсіл болып саналады. Бұл ретте, автомобильді пайдалану жерін ешкім шектемейді. Айыппұл мөлшерінің төмендеуі автокөлік құралы тіркелмеген, апаттылық жағдайы жоғары басқа өңірде орын алған кезде ғана қолданылады.

Мұндай тәсіл тепе-теңдікті және сақтандыру сыйлықақысын есептеудегі негізділікті қамтамасыз етумен қатар, залалдылық жоғары өңірлердегі адал жүргізушілердің мүддесін қорғайды.

**№4 сұрақ.** Қандай себептермен Агенттік нормативтік құқықтық актіні алдын ала жұртышылықтың және кәсіби сақтандыру қауымдастығының пікірін ескермей қабылдады?

**Жауап:** Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсандағы №87 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы Қаулысы заңнамамен көзделген барлық рәсімдерді сақтай отырып, қабылданған.

Атап айтқанда:

- Нормативтік құқықтық актінің (НҚА) жобасы жария талқылау үшін ашық НҚА интернет-порталында жарияланған.
- Жемқорлыққа қарсы сараптама мен тәуелсіз қоғамдық бірлестіктердің қорытындылары алынған.
- Сараптама нәтижелері бойынша адам құқығын бұзатын нормалар анықталмаған.
- Құжат сақтандыру нарығының қатысушылары мен мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген.

«Біржақты» қабылдау туралы тұжырым шындыққа жанаспайды. Қабылдау рәсімі ашық, заңды болған және барлық мүдделі тараптардың қатысуы қамтамасыз етілген. Шешім саланың пікірін және залалдар бойынша статистика деректерін есепке ала отырып қабылданған.

---

**№5 сұрақ.** Не үшін міндетті автосақтандыру бойынша тарифтер өзгертілген? Олардың артуы неге байланысты?

**Жауап:** Міндетті автосақтандыру Қазақстанда сақтандыру сыныптарының ең залалды сыныптарының бірі болып қалуда.

**Мысалы, соңғы 5 жылда:**

- Сақтандыру төлемдерін төлеу көлемі 173%-ға (50,7 млрд теңгеге) артқан;
- Ал сақтандыру сыйлықақылары болса 48%-ға ғана (32,4 млрд теңгеге) өскен.

**2025 жылы қазіргі уақытта:**

- Нарық бойынша орташа залалдылық 100%-дан асқан,
- Барлық сыйлықақылардың 70%-дан астам бөлігі соларға келетін 6 сақтандыру ұйымының залалдылығы 90%-дан асады, ал кейбір компаниялардың залалдылығы 120%-дан да асып түседі. Бұл дегеніміз, сақтандыру компаниялары сақтандырудың осы түрі бойынша пайда көрмейді.

Залалдылық полис құнына тікелей ықпал етеді. Инфляцияның, автобөлшектер құнының өсуінен, жөндеу жұмыстарының қымбаттауынан туындайтын сақтандыру төлемдерінің артуы – объективті түрде тарифтерді қайта қарау қажеттілігін тудырады. Бұл орайда, Бірыңғай сақтандыру деректерінің қорының арқасында міндетті автосақтандыру бойынша дербес тарифтерді есептеу мүмкіндігі пайда болды.

Мұндай тарифтер әрбір жүргізушінің нақты тәуекелдерін есепке алады:

- ұқыпты жүргізушілер аз төлейді,
- тәуекелшіл жүргізушілер – көп төлейді.

Бұл – халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді, сақтандыру жүйесінің тұрақтылығына ықпал етеді және еліміздің жолдарында апат мөлшерінің азаюына себепші болады.

**Сонымен, жаңа тариф саясаты басты мақсат – көлікті қауіпсіз жүргізуге ынталандыруды көздейді.**

- Жол жүру ережелерін қаншалықты аз бұзса және ЖКО мейлінше болдырмаса – бонус-малус сыныбы соншалықты жоғары және полис құны төмен болады.
- Мұндай принцип Германияда, Италияда, Канадада және басқа елдерді қолданылады.

**«Виктория» СК»** реформаны қолдайды және тарифтерді жаңа модельге сай қайта есептеп қойды.

Біздің клиенттер өздерінің сыныптарын жеке кабинетте бақылап отыра алады және тариф белгілеу мәселелері бойынша кеңестер алуына болады, тел. + 7 (727) 279 55 80.